

**«Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Бейнеу ауылы

30.06.2023 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

**«Бейнеу орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.**

«Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне және бағыныстағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының 24.05.2023 жылғы №148 бұйрығы және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты жұмыс тобын құру туралы» Бейнеу орталық аудандық ауруханасының 25.05.2023 жылғы №288 бұйрығын негізінде, 2023 жылдың 01 маусым – 30 маусым аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау 2020, 2021, 2022 жылдар аралығындағы кезеңді қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде ҚР Конституциясы, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобы басшысы: Аймокенов Б.А. – директордың м.а.

Жұмыс тобы мүшелері: Баяхметова Э.Т. – директордың емхана бойынша орынбасары;

Шонтыбаева А.Т. – директордың ішкі аудит және пациенттерді қолдау қызметі бойынша орынбасары;

Байтүгелова З.Е. – директордың ұйымдастыру-әдістемесі бойынша орынбасары;

Есенкулова Ә.С. – бас есепші;

Нуранова Г.К. – бас экономист;

Сарбасова Р.А. – кадр бөлімі маманы;

Жұмыс тобы хатшысы: Абдуллаева Р.А. – заңгер.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, ҚР Кәсіпкерлік Кодексін, ҚР Еңбек Кодексін, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Үкіметінің Қаулысын, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысын, Кәсіпорын қызметіне қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Кәсіпорын Жарғысы мен Ұжымдық шартты басшылыққа алады.

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Персоналды басқару бойынша анықталған тәуекелдер саны - 1

2020 жыл бойынша штаттық құрылым 811,75 штаттық бірлікті құрайды, бос орындар саны - 21 бірлікті құрайды. Оның ішінде: 112 – дәрігер, 457 – орта медицина қызметкері, 112 – кіші медицина қызметкерлері және 158 – өзге де персоналдар жұмыс жасады.

2020 жылғы жағдай бойынша:

- 17 дәрігер, 28 орта медицина қызметкері, 2 кіші медицина қызметкері, 18 өзге де персоналдар жұмысқа қабылданып, еңбек шарты жасақталды;

- 9 дәрігер, 18 орта медицина қызметкері, 1 кіші медицина қызметкері, 18 өзге де персоналдармен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 бабы, 5-тармақшасына сәйкес, қызметкерлердің бастамасымен еңбек шарты бұзылды;

- 10 дәрігер мен 3 орта медицина қызметкерімен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабы, 1-тармақ, 24) тармақшасына негізінде, Жұмыс берушінің бастамасымен, зейнет жасына толуына байланысты еңбек шарты бұзылды.

2021 жыл бойынша штаттық құрылым 811,75 штаттық бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар саны – 7,5 бірлікті құрайды; Оның ішінде: 111 – дәрігер,

465 – орта медицина қызметкері, 111 – кіші медицина қызметкерлері және 150 – өзге де персоналдар жұмыс жасады.

2021 жылғы жағдай бойынша:

- 7 дәрігер, 30 орта медицина қызметкері, 7 кіші медицина қызметкері, 24 өзге де персоналдар жұмысқа қабылданып, еңбек шарты жасақталды.

- 8 дәрігер, 22 орта медицина қызметкері, 6 кіші медицина қызметкері, 24 өзге де персоналдармен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 бабы, 5-тармақшасына сәйкес, қызметкерлердің бастамасымен еңбек шарты бұзылды;

- 1 орта медицина қызметкерімен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабы, 1-тармақ, 24) тармақшасына негізінде, Жұмыс берушінің бастамасымен, зейнет жасына толуына байланысты еңбек шарты бұзылды.

2022 жыл бойынша штаттық құрылым 811,75 штаттық бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар саны - 16 бірлікті құрайды; Оның ішінде: 113 – дәрігер, 483 – орта медицина қызметкері, 121 – кіші медицина қызметкерлері және 152 – өзге де персоналдар жұмыс жасады.

2022 жылғы жағдай бойынша:

- 16 дәрігер, 37 орта медицина қызметкері, 23 кіші медицина қызметкері, 24 өзге де персоналдар жұмысқа қабылданып, еңбек шарты жасақталды.

- 13 дәрігер, 15 орта медицина қызметкері, 19 кіші медицина қызметкері, 21 өзге де персоналдармен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 бабы, 5-тармақшасына сәйкес, қызметкерлердің бастамасымен еңбек шарты бұзылды;

- 1 аурухана басшысы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабы, 1-тармақ, 4-1) тармақшасы негізінде, Жұмыс берушінің бастамасымен, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген, кәсіптік қызметке қойылатын талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты еңбек шарты бұзылды.

- 6 орта медицина қызметкерімен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52 бабы, 1-тармақ, 24) тармақшасына негізінде, Жұмыс берушінің бастамасымен, зейнет жасына толуына байланысты еңбек шарты бұзылды.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер Бейнеу орталық аудандық ауруханасының электрондық еңбек биржасына орналастырылады. (www.enbek.kz), ақпарат Бейнеу ауданының Жұмыспен қамту орталығына жолданады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексінің 27 бап, 4 тармақшасы негізінде, Денсаулық сақтау саласындағы маманның тиісті сертификаты болмаса, тәлімгердің қадағалауымен клиникалық практикаға (пациенттермен жұмыс істеуге) жіберілетін резидент-дәрігерлерді және білім туралы танылған құжаттары бар шетелдік мамандарды қоспағанда, клиникалық практикамен айналысуға тыйым салынады.

Осыған байланысты, Кәсіпорынның кадр қызметі тиісті маман сертификаты жоқ қызметкерді уақытша жұмыстан шеттету жөнінде шара қабылдауы қажет.

2022 жылғы тексеру барысында осындай 1 жағдай орын алды: жұқпалы аурулар бөлімінің бас медбикесі Г.Жанабилованың маман сертификатының мерзімінің өту уақыты: 18.05.2022ж. Жұмыстан шеттету уақыты: 02.06.2022ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы: кадр бөлімі маманы маман сертификатының мерзімі өткен қызметкерді жұмысқа жіберген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаттамасы: кадр бөлімі маманы тәртіптік жазаға тартылды.

Оны жою бойынша ұсынымдар:

Кадр бөлімінің маманы маман сертификатының мерзімі өткен қызметкерлерді уақытша жұмыстан шетту және сертификат алған мамандарды жұмысқа қайта қосу мерзімдерін қадағалау.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысын реттеу тәуекелдер саны - 0

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 14 бап, 1 тармағы:

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында тексеру мерзімі аралығында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Жақын туыстар арасында басшылық лауазымдарға тікелей бағынатын лауазымдар жөнінде фактілер анықталған жоқ.

Бейнеу орталық аудандық ауруханасында ішкі аудит және пациенттерді қолдау қызметі жұмыс жасайды. Пациенттерден түскен шағымдар 8/72932/21516

сенім телефоны арқылы қабылданады және арыздар тіркеу журналына тіркеледі. 2020 жылғы жағдай бойынша пациенттерден сенім телефоны арқылы 35 шағым, жазбаша 5 арыз түскен. Олардың ішінде 35 арыз-шағымдар қанағаттандырылған, 5-уі негізсіз.

2021 жылғы жағдай бойынша пациенттерден сенім телефоны арқылы 32 шағым, жазбаша 14 арыз түскен. Олардың ішінде 37 арыз-шағымдар қанағаттандырылған, 2 шағым жауапсыз қалдырылған, 5 арыз бойынша медицина қызметкерлеріне тәртіптік шара қолданылды, 2 арыз негізсіз.

2022 жылғы жағдай бойынша пациенттерден сенім телефоны арқылы 19 шағым, жазбаша 18 арыз түскен. Олардың ішінде 25 арыз-шағым қанағаттандырылған, 5-уі жауапсыз қалдырылған, 3 арыз бойынша медицина қызметкерлеріне тәртіптік шара қолданылды, 3 арыз негізсіз.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша тәуекелдер саны - 3

1) Кәсіпорын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына сәйкес, 26.10.2015 жылғы №00674DE Лицензия және оның қосымшалары негізінде медициналық қызмет түрлерін көрсетеді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-мен 2021 жылғы 28 мамырда қызметтерді сатып алу шартының тиісті түрде орындалуы туралы №109/1 қорытынды және 2022 жылғы 20 мамырда қызметтерді сатып алу шартының тиісті түрде орындалуы туралы №100/1 қорытынды жасақталды.

2021 жылғы жағдай бойынша:

- медициналық көмек көрсету стандарттарын, сондай-ақ диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын сақтамау;

- невропатолог, офтальмолог, отоларинголог – бейінді мамандарына кезекке тұру уақытының өтіп кетуі (10 күннен артық);

- ішкі сараптама ресми түрде жүргізіледі, анықталған бұзушылықтарды бағалаумен, ұсынымдар әзірлеумен, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды әзірлеумен, басшылық қабылдаған шешімдерімен талдау жоқ;

- емделген жағдайларға сараптама жүргізілмейді, стационардан шығарылған науқастарды уақтылы «Д» есепке алу және бақылау, үйде өлім-жітімді және еңбекке қабілетті жастағы адамдардың мүгедектікке алғашқы шығуына талдау жүргізілмейді;

- 2021 жылғы қаңтар - мамыр кезеңінде тіркеуге барлығы 1494 өтінім берілген. Оның ішінде 395 жағдайда тіркеу мерзімдерді бұзылған, 2 күннен артық күту;

- ауруларды басқару бағдарламасы және патронаждың әмбебап-прогрессивті моделі шеңберінде созылмалы аурулары бар адамдарға динамикалық бақылау қамтамасыз етілмеген;

- Үйге шақырту телімдік қызметі Damumed кешенді медициналық ақпараттық жүйесінде (КМАЖ) тіркеледі. Үйге шақыртуларға сол күн ішінде қызмет көрсетілуі қажет. Қаңтар - мамыр аралығында 532 шақырту түскен, оның 201 қызмет көрсетілмеген.

- Тұрғындарды тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету Тізбесіне сәйкес, науқастарға дәрі-дәрмек берілмеген. Сонымен қатар «Д» есепте тұрмаған науқастарға дәрі-дәрмек берілген.

2022 жылғы жағдай бойынша:

- медициналық көмек көрсету стандарттарын, сондай-ақ диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын сақтамау;

- медициналық көмек көрсету үшін жалпы телімдік дәрігер, терапевттермен қамтамасыз етудің төменгі көрсеткіші 4,5 құрайды, нормативке сәйкес 10 мың халыққа 6,7 болуы тиіс. Педиатрлар 1,7 нормативке сәйкес 10 мың халыққа 20,0 болуы тиіс.

- Штаттық кестеге сәйкес, 4 бірлік қаралған, алайда 1 жеке тұлға жұмыс жасап отыр.

- 2022 жылғы қаңтар - сәуір кезеңінде тіркеуге барлығы 1494 өтінім берілген. Оның ішінде 347 жағдайда тіркеу мерзімдерді бұзылған, 1 күннен артық күту;

- ауруларды басқару бағдарламасы және патронаждың әмбебап-прогрессивті моделі шеңберінде созылмалы аурулары бар адамдарға динамикалық бақылау қамтамасыз етілмеген;

- Үйге шақырту телімдік қызметі Damumed кешенді медициналық ақпараттық жүйесінде (КМАЖ) тіркеледі. Үйге шақыртуларға сол күн ішінде қызмет көрсетілуі қажет. Қаңтар- ақпан аралығында 2054 шақырту түскен, оның 187 қызмет көрсетілмеген.

- Тұрғындарды тегін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету Тізбесіне сәйкес, науқастарға дәрі-дәрмек берілмеген.

- Қызметті сатып алу Шартына сәйкес медициналық көмек көрсету бойынша анықталған олқылықтарға талдаулар жүргізілмейді.

Аталған бұзушылықтарға сәйкес жауапты тұлғалар тәртіптік жазаға тартылмаған.

2) Науқастарға уақытша еңбекке жарамсыздық парағын бері кезінде «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығын негізге алады. Тексеру барысында

«уақытша еңбекке жарамсыздық парағы» КМАЖ (КМИС) тіркелмей ашылғандығы анықталды.

Аталған бұзушылықтарға сәйкес жауапты тұлғалар тәртіптік жазаға тартылмаған.

3) Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және мас күйде болу фактісін анықтау «Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде екенін анықтау үшін медициналық куәландырудан өткізу қағидалары» негізінде жүргізіледі. 2021 жылғы жағдай бойынша психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және мас күйде болу фактісін анықтау кезінде жалған қорытынды беру жағдайы анықталды. Жауапты қызметкердің тәртіптік шарасы алынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы: мамандар өз міндеттерін тиісінше орындамауы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаттамасы: жауапты қызметкерлердің тәртіптік шарасын алу (Ж.Нұрпейсова 28.06.2021 жылғы №201 бұйрық)

Оны жою бойынша ұсынымдар:

Мемлекеттік қызмет көрсетуде жауапты мамандар мен қызметкерлерге заңнама талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу, заңнама талаптарын бұзған қызметкерлерге тәртіптік шара қолдану.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Жарғыға сәйкес, Кәсіпорынға рұқсат беру функциялары берілмеген.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Жарғыға сәйкес, Кәсіпорынға бақылау-тексеру функциялары берілмеген.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша тәуекелдер саны - 1

1) Жарғыға сәйкес, Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес бюджет қаражаты және ақылы қызмет есебінен қаржыландырылады. Сонымен қатар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңбері мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (МӘМС) бекітілген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаржысынан қаражат бөлінеді. Ол үшін Кәсіпорын мен МӘМС арасында, медициналық қызметтерді сатып алу шарты жасакталады.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызмет жоспарының жобасын Бейнеу орталық аудандық ауруханасының Байқау кеңесі келісіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 7-тармағы орындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді. Тауарлар бірлігіне белгіленген баға баға ұсыныстарын сұрату негізінде салыстырмалы түрде қойылады.

Кәсіпорынның қаражатын бөлу және игеру тізбесі

№	Кезең /жыл/	Барлық кіріс	Оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орындау үшін кіріс	Оның ішінде жергілікті бюджеттен кіріс	Ақылы қызмет	Игерілген қаржы
1	2020	3 306 084,32	2 639 164,315	634 396,000	80 897,20	3 384 534,52
2	2021	3 519 681,770	3 440 920,090	3 001,720	111 015, 690	3 708 548,482
3	2022	3 515 928,918	3 411 928,918	89 386,024	124 344,730	3 967 861,69

Кәсіпорын мен МӘМС арасында жасақталған Шарт МӘМС интернет – ресурсында <https://fms.kz/> ашық қолжетімді түрде жарияланған.

Кәсіпорында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5 бап, 2 тармағының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 153-бабының 7-тармағы орындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бекітеді. (Мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарын бекіту туралы 08.01.2020ж. №03 бұйрық; 06.01.2021ж. №30 бұйрық; 05.01.2022ж. №04 бұйрық)

Мемлекеттік сатып алу бойынша, Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 03.02.2020 жылғы №471010000-1-1-86402 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға сәйкес, 1 бұзушылық жағдайы; 15.04.2021 жылғы №471010000-4-6-128545 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға сәйкес, 1 бұзушылық жағдайы анықталды. Анықталған бұзушылықтардың алдын-алу шаралары жүргізіліп, жойылды. Жауапты қызметкерге тәртіптік шара қолданылды.

2) Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2019-2021 жылдар аралығындағы кезеңге тексеру жүргізіліп, 22.02.2023 жылы №16 мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды берілді. Аудиторлық қорытынды бойынша, кәсіпорын тарапынан тиісті бақылау болмағандықтан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды науқастарға уақытында берілмеуі анықталды. Осыған сәйкес сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік 1 жағдай анықталды. Жауапты қызметкерге тәртіптік шара қолданылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

1) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру кезіндегі заңнаманы бұзу бойынша тәуекелдер;

2) Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды уақытында науқастарға беруге Кәсіпорын тарапынан бақылау жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаттамасы:

1) Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бойынша жауапты маманға тәртіптік шарасы алынды (А.Маханов 16.04.2020ж. №112 бұйрық)

2) Кәсіпорын тарапынан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды уақытында берілуіне тиісті жауапты қызметкердің тәртіптік шарасы алынды. (С.Нурмаганбетова 24.03.2023ж. №212 бұйрық)

Оны жою бойынша ұсынымдар:

1) Мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу оқыту;

2) Тұрақты түрде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар қалдықтарының есебін жүргізу, дәрілік заттарды тиімді пайдалануды бағалау жоспарын жасақтау, Ережелерге сәйкес дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды бағалау.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бойынша тәуекелдер саны - 3

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес, веб-портал арқылы, бәсекелестік тәсілі негізінде жүргізіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, бәсекелестік тәсілдерін қолдана отырып жүргізіледі, сатып алу тәсілін анықтау, мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетіледі. Барлық сатып алынған және сатып алынатын мемлекеттік сатып алулар туралы мәліметтер веб-порталда қолжетімді және ашық түрде орналастырылған.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы:

- 2020 жылы 492 мемлекеттік сатып алу Шарты;
- 2021 жылы 695 мемлекеттік сатып алу Шарты;
- 2022 жылы 780 мемлекеттік сатып алу Шарты жасақталды.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу бәсекелестік тәсілдерін сақтай отырып жүргізіледі. Нормативтік талаптарға сәйкес сатып алу хабарламасы Кәсіпорын сайтында: beiney-crb.mangystay.kz/ru ашық түрде жариялынады. Аталған сайтта сатып алу қортындысы және шарт жасақталатын өнім беруші туралы мәліметтер орналастырылады.

Жеке тұлғалармен шарт жасақтау ҚР Азаматтық кодексін негізінде жүргізіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жеткізу мерзімін өткізіп алғандықтан: 2020 жылы – 4; 2021 жылы – 23; 2022 жылы – 19 әлеуетті өнім беруші өтемақы төледі.

Әлеуетті өнім берушінің сатып алуға қатысуын шектеу және негізсіз күрделендіру жағдайы қаралмаған, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидасы сақталған.

Жасақталған шарт бойынша міндеттер орындалмаған жағдайда, өнім берушілерді жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сот орындарына жүгіну: 2020 жылы – 1; 2021 жылы – 4; 2022 жылы – 2 жағдайды құрайды.

Шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін сотқа талап-арызды уақтылы бермеуі бойынша 1 жағдай анықталды.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру 2 жағдай анықталды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

1) шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке талап-арызды уақтылы бермеуі;

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда шарт жасау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаттамасы:

1) шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке талап-арызды уақтылы бермегені үшін Сот органдарымен жеке ұйғарым 17.02.2021ж. №4712-20-00-2/2806 шығарылды.

2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген жағдайларда шарт жасалғаны үшін, 06.12.2021ж. №4736-21-00-3/793 қаулы және 06.12.2021ж. №4736-21-00-3/794 қаулы сәйкес Әкімшілік құқық бұзушылық жазасына тартылды.

Оны жою бойынша ұсынымдар:

Мемлекеттік сатып алу бойынша қызметкерлерді оқыту.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша тәуекелдер саны - 0

Кәсіпорын қызмет көрсету барысында келесі ақпарат жүйелерін пайдаланыды: «КМИС қашықтан қол жеткізудегі бағдарламалық өнімдерді пайдалану»; «Ақпаратты /мәліметті/ материалдарды және баламаларды өңдеу» (Портал - Система управления ресурсами (web-СУР), Национальный регистр сахарный диабет (НРСД), Система управления медицинской техникой (СУМТ), Электронный регистр стационарных больных (ЭРСБ), Информационная система

лекарственного обеспечения (ИСЛО), Электронный регистр диспансерных больных ЭРДБ, Регистр пациентов с вирусными гепатитами (Гепатит) және т.б.), «Госсектор 24» ақпараттық-техникалық жүйеге қол жеткізу, Веб-сайттарда орналастырылған ақпаратты ұсыну, «Параграф» ақпараттық жүйесінің кешенін ұсыну және қызмет көрсету, «Kometa Damumed PACS» ақпараттық жүйесі бағдарламалық өнімді пайдалану, «SOS медициналық дабыл» жүйесін орнату және бағдарламалық қамсыздандыру және шексіз ұялы байланысына сервистік қызмет көрсету, Ақпараттық портал «Договор 24», «ACTUALIS» электрондық анықтамалық жүйесі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес, Кәсіпорында ақпарат жүйелерін пайдалану қызметтерін мемлекеттік сатып алу, сатып алудың мынадай тәсілдері арқылы жүзеге асырылған:

- Заңның 39 бап, 3 тармақ, 3 тармақшасы – сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген тұлғадан осы жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарды сатып алу жағдайлары: 2020 ж. – 7; 2021ж. – 4; 2022ж. – 6.

- Заңның 39 бап, 3 тармақ, 2 тармақшасы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайлары: 2021ж. – 1.

- Заңның 39 бап, 3 тармақ, 36 тармақшасы – Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайлары: 2022ж. – 1.

- Заңның 39 бап, 3 тармақ, 42 тармақшасы – егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайлары: 2020ж. – 1; 2021ж. – 2.

Кәсіпорында ақпарат жүйелерін пайдалану қолжетімді және ашық түрде.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша тәуекелдер саны - 0

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-IV Салық кодексіне сәйкес, Кәсіпорында келесі

салық төлем түрлері жүргізіледі: Жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар.

Талдау мерзімі аралығында Кәсіпорынға 2020-2021 жылдар аралығында КОВИД -19 пандемия кезінде жеке және заңды тұлғалармен демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетіліп: медициналық құрал жабдықтар, медициналық бұйымдар, дәрілік заттар және автокөлік өтеусіз пайдалануға берілгені анықталды.

Талдау мерзімі аралығында Кәсіпорында салық төлемдері әр айдың 10 дейін, уақытында жүргізіліп отырды:

№	Әлеуметтік төлемдер атауы	2020	2021	2022
1	Жеке табыс салығы	91373270,06	130683660	151550504
2	міндетті зейнетақы жарналары	135286682	184968653	210067952
3	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы	11728620	28276170	34958986
4	әлеуметтік салық	79098863	113274158	121557258
5	әлеуметтік аударымдар	38800999	46287392	58392727
6	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары	23452376	28275706	52438494

Кәсіпорындағы қаржыландыруды игеру және бөлу бойынша Кәсіпорында кредиторлық және дебиторлық берешектер жоқ.

Кәсіпорынға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден бөлінген негізгі құралдар:

№	Негізгі құралдар	2020	2021	2022
1	Негізгі медициналық құрал жабдықтар	164 413 774,40	17 958 556,48	
2	Дәрілік заттар	8 522 198,44		
3	Медициналық бұйымдар	13 388 653	504 500	442 005,8
4	Автокөлік	21 000 000		
		186 324 625,84	18 463 056,48	442 005,80

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша ұсыныстар:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, комплаенс-қызмет функцияларын жүргізу арқылы парасаттылықты нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру және тәуекелдерді бағалауға, теріс пайдаланудың алдын алуға ерекше назар аударып, сыбайлас жемқорлық практикаларының алдын алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың одан әрі алдын алу мақсатында:

- Қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындау бөлігіндегі жауапкершілігін арттыру. Заңнаманы бұзуға жол бермеу жөнінде шаралар әзірлеу, оның ішінде тұрақты негізде оқыту семинарларыын өткізу, қызметкерлерді біліктілігін арттыру курстарына уақытылы жіберу.

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық стендтер мен тақтайшаларды ресімдеу, орнату және орналастыру;

- Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерлердің қызметін талдау және бақылау, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу саласындағы заңнамалық актілердің талаптарын қатаң сақтау.

- Тұрақты түрде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар қалдықтарының есебін жүргізу, дәрілік заттарды тиімді пайдалануды бағалау жоспарын жасақтау, Ережелерге сәйкес дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды бағалау.


Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары осы талдаудың 2-қосымшасына сәйкес әзірленді.

ЖҰМЫС ТОБЫ:

Жұмыс тобының басшысы:

Жұмыс тобы мүшелері:


Жұмыс тобы хатшысы:




Аймокенов Б.А.



Баяхметова Э.Т.




Шонтыбаева А.Т.




Байтүгелова З.Е.




Есенкулова Ә.С.



Нуранова Г.К.



Сарбасова Р.А.



Абдуллаева Р.А.